

2 Мақалға айналған маржан сөз

3 «Аймақтағы оң өзгерістерге қуанамын»

4 Шоққа піскен нан қандай!

4 Гержод заманының кейіпкерлері

МЕМОРАНДУМ



Энергия көздерін жетілдіру жаңаша сипат алып келеді

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков «Renovatio Group» компаниясының тен құрылтайшысы әрі серіктесі Джеймс Колтер Иеди, «EDPR» компаниясының өкілі Дуарте Нуно Мендес да Коста және «BDC Consulting KZ» компаниясының директоры Махмудов Ахад Хошимовичтермен кездесті. Басқосу барысында облыста жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын электр станцияларын құру жобасы талқыланды. Шетелдік компания өкілдері әріптестік танытуға ынталы екендігін жеткізіп, екі жақты келісімге қол қойды.

Мәлімдеу ҚАЛЫМБЕТ.

200 МВт күн электр станциясы құрылысының құны – 100 млн АҚШ доллары. Жобаны жүзеге асыру үшін Қызылорда қаласының сол жағалауынан 400 гектар жер учаскесі таңдалған. Жоба ақпан айында басталмақ. Электр станциясының құрылысы келер жылдың соңында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұл ретте аймақ басшысы елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын және осындай ұтымды жобаларды жүзеге асыру екі тарапқа да тиімді екенін атап өтті.

— Өлемде қалыптасқан күрделі экономикалық жағдайға байланысты өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің маңызы зор. Екі жақты жұмыс нәтижесінде соңғы 5 жылда Қазақстанның Португалиямен өзара саудасы 2,3 млрд АҚШ долларына жеткен. Оның ішінде импорт көлемі – 81,2 млн АҚШ доллары. Қазақстандық экспортталушы өнімдер қатарында мұнай, мақта, қара металл бар. Ал, Португалиядан Қазақстанға электр машиналары, су көлігі, фармацевтикалық өнімдер келеді. Қызылорда облысын инвестиция тарту секторы ретінде тандағандарыңыз үшін қуаныштымыз. Аймақта табиғи ресурстар саны жетерлік. Облыстың жер қойнауында Менделеев кестесіндегі барлық элементтер бар екенін мақтанышымен айта аламыз, — деді облыс әкімі.

Жиын соңында Джеймс Колтер Иеди жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсетіп отырған облыс әкімдігіне алғыс білдіріп, Қызылорданың экономика, инфрақұрылым жағынан толықтай дамығанына тоқталды. Алдағы уақытта бірлескен байыпты істердің жүзеге асатынын алға тартты.

Жалпы, өңірде жаңартылатын электр энергиясының көздерін дамыту жұмыстары жүйелі іске асуда. Бізде күн сәулесінің орташа жылдық ұзақтығы 3 мың сағаттан артық екені ескерілген. Облыста бұдан бөлек Ұлыбритания, Франция және Болгария елдері инвесторларының қатысуымен энергия көздері бойынша тағы 3 жоба қолға алынған.



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 қаңтар БЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ

САПАР

Ауылдың дамуы – алға басудың айғағы

Өткен аптада облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков Арал, Қазалы аудандарында 40-қа жуық ауыл мен маңызды нысандарды аралаған еді. Бұл сапардың мақсаты – ел жағдайы, тұрмыс-тіршілігімен танысып, ауыл тұрғындарымен кездесу. Сейсенбі күні аймақ басшысының сапары Жалағаш ауданында жалғасып, осы аумақтағы 14 ауылды түгелдей аралады. Сапар нәтижесінде тиісті сала басшыларына тапсырма беріліп, ел тілегі ескеруісіз қалмайтыны тағы бір айқындала түсті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Алдымен аймақ басшысы Жаңадария ауылының тұрғындарымен кездесіп, ауыз су нысанының жұмысымен танысты. 2018 жылы басталған құрылыс былтыр қыркүйек айында аяқталған. Осылайша бес жүзден аса

адам тұратын ауылда ауыз су мәселесі оңтайлы шешіліпті. Жаңадариялықтардың негізгі кәсібі – егін шаруашылығы. Сондықтан ақсақалдар бастысы «Іңкәрдария» каналына қазу жұмыстары жүргізілсе және жастарды өнер арқылы

топтастыратын клуб салынса деген тілегін жеткізді. Осыған орай аймақ басшысы ел Президентінің тапсырмасына сәйкес, қала мен ауыл өмірінің арасында алшақтық болмауы керектігін, бұл мәселелер бойынша тиісті жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Сала басшыларының айтуынша, бүгінде «Іңкәрдария» каналын қазаға байланысты жұмыс жүргізілуде. Елдімекенде ұялы байланыс бар, бір көше жарықтандырылған. Ал жұмыссыздар саны қазір 7 адамға жеткен. Сондықтан өңір басшысы ауыл әкімі Ғалым Жаңашевқа ауыл шаруашылығына қолайлы елді мекенде жұмыссыз адам болмауы керектігін, кәсіпкерлік саласына қатысты қолдау түрлері тұрғындарға жете түсіндірілуін тапсырды.

Бұл ауылға көршілес Аламесек ауылдық округінде де дала еңбеккерлері көктем шығысымен қызу тірлікке кірісіп, егін шаруашылығымен айналысады. №124 мектепте өткен кездесуде ауыл тұрғындары көптігіне қатысты мәселені жеткізді. Еңбек ауылымен Есет батыр ауылы аралығындағы «ЮК-16» коллектор көпірі он жылдай бұрын жөнделген, десек те қазір құлап кету жағдайында тұр. Сондай-ақ, ақсақалдар мектептің алдыңғы бөлігі соңғы жылдары салынғанын, ал арғы бөлігінің құрылысы 1980 жылдары тұрғызылғанын айтты. Сондықтан ескі аумағының жылуы да аз, электр жарығы да жөндеуді қажет етеді. Бұған қатысты сала мамандары көптірі де, мектептің электр жүйесін жөндеу үшін де құжаттар әзірленіп жатқанын жеткізді. Ақсақалдармен әңгімелесу барысында Қуанышбек Ысқаков ауылдық жерде өмір сүрудің өзіндік мүмкіндіктері бар екенін атап өтті.

2-бет.



АПЫРАЙ-Ә!

Шетелдік нөмір мәселесі шешіле ме?

Шетелдік нөмірлі көліктердің елімізде еркін жүруіне байланысты Ішкі істер министрлігі түсініктеме берді. «Егер Қазақстан Республикасының азаматы көлікті ел аумағынан тыс жерде меншіктік құқыққа тіркеген болса, сонымен бірге онда көлікті тіркеу туралы куәлік болса, «Жол қозғалысы туралы» Заңның 66-бабына сәйкес, көлік 10 жұмыс күні ішінде Қазақстанда тіркелуі керек. Бұл ретте тиісті баж төлеуі қажет» делінген хабарламада.

Назерке САНИЯЗОВА.

Осы орайда Армения мен Кыргызстаннан әкелінген автокөліктерге басымдық беріліп отыр. «Бұл әңгіменің ресейлік көліктерге қатысы жоқ» деді министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев. Өйткені аталған мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуына байланысты ол жақта тіркелген көліктерді одаққа мүше басқа елдер аумағында қолдануға қатаң шектеу қойылған. Мәселен,

Армения мен Кыргызстанда 2014 жылдан бастап 2020 жылдың қаңтарына дейін тіркелген темір тұлпарлар Қазақстанға уақытша әкелінуі, алым-салық төлеместен жүруі мүмкін.

Белгілі болғандай, отандастарымыз Кыргызстан немесе Арменияда тіркелген көлік құралдарын тек кедендік декларациядан өткізіп, баж, салық төлеп, осында тіркеген жағдайда ғана басқара алады.

Министрлік өкілі бұл жөнінде халық арасында түсіндіру жұмысы жүргізілгеніне қарамастан, талап сақталмағанын алға тартты.

«Енді біз мұндай заңбұзушылықтарды әкімшілендіруге көшеміз.

Яғни, кедендік тазарту шарасы қолданылды. Олай болмаған күнде көлік құралы ел аумағынан шығарылады. Ал «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексте кедендік тазартудан өтпеген



көліктерді ақылы айып тұрағына қою көзделген», — деді Марат Қожаев.

Статистикаға сүйенсек, Армения, Кыргыз Республикасы, Ресей мен Беларусьтен Қазақстанға 170 мыңға тарта көлік құралы енген. Оларды тізгіндегендердің кінісінен 1884 жол-көлік оқиғасы болып, 132 адам көз жұмса, 500-ден астам адам жаракат алды. Мәселен, былтыр жол ережесінің бұзылуын анықтайтын автоматты жүйелер 90 мыңнан астам заңбұзушылықты тіркеді.

Аталған санаттағы көлік құралдарын заңсыз пайдаланудың жолын кесу мақсатында полиция кеден және салық органдарымен бірге рейдтік шаралар ұйымдастырмақ. Осы себепті Ішкі істер министрлігі қазақстандықтарды шетелдік есепте тұрған көліктерді тіркеуге шақырады.

2-бет.



№6
(19882)



Мақалға айналған маржан сөз

Біз өмірдің біршама беле-сінен өткен жандармыз. Үлкендердің тәрбиесін көріп, өнегелі істерінен сабақ алдық, ой түйінделік, қайтсек жақсы адам болып, азаматтық биікке көтерілеміз деп қал-қадірмізше білім қуып, ой-өрісімізді кеңейтуге барынша ықылас таныттық. Өзімізді танып білуге, өзгелердің саналы ғұмырының жетістіктерін өмір жолымыздағы игілікті істерге арқау қылуға ниет жасадық.

Мектеп қабырғасында жүріп көркем шығармаларды оқу, одан алған әсерінен ой бөлісу, өзіңді қоршаған әлеуметтік топ өкілдерімен пікір таластыру біздің дағдымызға айналған-ды. Осы ретте балғын балалық шағамыздағы нағыз ақыл-ойдың қайнар көзі – Ұлы Абайдың өлең жолдарынан су-сындап білім нәрін бойымызға сіңірдік.

Ойшылдың қара сөздерінің мазмұны мен мағынасына талдау жасап, ой бөлсек, «біз кіміз, тұлғалы елдің перзенттеріне лайықтымыз ба, өз орнымызды тапқан, жұрт мойындаған ұлт өкілдеріміз бе?» деген сұрақтар туындайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуға көздейді. Абайдың сөз-маржандары халқымыздың өмір талқысынан өткен, мақал-мәтелге айналған. Әрбір азаматтың қадамына дұрыс бағыт беретін, математиктің сөзімен айтқанда, аксиомалық, терең философиялық ұғымдар жиынтығы. Сондықтан Ұлы Абайдың ойларын әр қазақ терең түсініп білімнің қайнар көзі ретінде қараса дейміз.

Сайлаубай ӘБІШЕВ,
Қызылорда қалалық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

Абай арманы – халық арманы

Абайдың мол мұрасын дәріптеу бір жыл бойы емес, үздіксіз жалғасу керек. Президент мақаласындағы «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын кастерлі құндылық. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанмыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» деген сөзінен көп тағылым аңғара аламыз. Мамандығым кітапханашы болғандықтан, Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін жаттап, оны өмірлік тәжірибемде қолданып келемін.

Абайдың 175 жылдық мерейтойы жылында кітапхана саласында көптеген іс-шаралар жоспарланып отыр. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында тандап алынған М.Әуезовтің «Абай жолы» туындысы бірнеше тілге аударылып, шет елдердің кітап сөрелерінен орын тапса, жөн болар еді. Себебі, кітап – мәдениет пен руханиятты қорғаудағы теңдессіз құрал. Қазақтың әр үйінің төрінде бұл көркем шығарма тұруы тиіс.

Әлем Қазақстанды Абай арқылы таныса, біз үшін бұдан асқан мәртебе болмас.

Барша жұртшылықты жақсылыққа ұмтылдырған хакім Абайдың биігі төмендемейді. Ұшар шыңға жетуге үмітті жас-тар ойшылдың шығармаларын түйсініп, түсініп оқыса деген тілегім бар.

Айнұр ӘБІЛТАЕВА,
№5 кітапхананың
кітапханашысы.
Қазалы ауданы.

Ауылдың дамуы – алға басудың айғағы

– Осы кезге дейін газбен қамту мәселесі өзекті болғаны белгілі, бұл жұмыстар да кезең-кезеңімен жүргізілуде. Биыл ақпан, наурыз айларында Жалағаш кентіне газ берілсе, әрі қарай елді мекендерге «көгілдір отын» тартудың жобалық-сметалық құжаттары жасалатын болады. Газды халыққа тез таратудың пайдасы мол, себебі газдың құны арзандай түседі. Алдағы уақытта бұл бағытта жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ, айта кету керек, тұрғындар әр ауылды салыстыра қарап, «мына ауылда көпеші жақсы екен», «ал мына ауылдың спорт кешені, клубы жаңа екен», «мына елді мекен қалып кетіпті» деген ойларын білдіреді. Бірақ, мемлекеттен қаржы ауылдарға бірдей бөлінеді. Қазір мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ел азаматтары өздерінің туған жеріне дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі, спорт кешені, балабақша сынды әлеуметтік нысандар салып беруде. Кәсібин жолға қойған ел азаматтары осындай игі іске себепкер болса, ауылға жанашырлықпен қараса, бұл кәсіпкер үшін де, мемлекет үшін де тиімді болмақ, – деді облыс әкімі.

Жалағашта ауыл қақпасынан енгеннен-ақ жайлылық пен үйлесімділік байқалатын елді мекеннің бірі – Еңбек. Мәдениет үйіндегі ауыл тұрғындарымен кездесуде «Батыр ана» ансамблі әуелеген әнімен қарсы алды. Айта кету керек, алды 18 баланы дүниеге әкелген аналардың жолын қазір келіндері жалғауда. Тұрғындар ауыл тұрмысы жылдан-жылға жақсарып, кәсіпкерлер елігілігі үшін қолдау көрсетіп жүргенін жеткізді. Ауылда «Өңірлерді дамыту - 2020» бағдарламасы аясында М.Байділдаев, Мүсірәлі баба, Ғ.Мұратбаев көшелеріне энерго тиімді көше жарығы орнатылып, желілер жаңартылған, сондай-ақ, тағы бір көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауылдың көркейіп, жарқырай көрінуіне «Еңбек-Жер» ЖШС үлкен үлес қосқан. Серіктестіктің жеке қаражаты есебінен ауылда мейрамхана, шағын рынок, спорт кешені, шаштараз салынып, көшелерге асфальт төселіп, жарықшамдар мен бетон қоршау орнатылған. Енді ауыл тұрғындары тағы бір көшеге асфальт төселсе деген тілегін білдірді. Еңбек, бұрынғы Акқошқар ауылының осыншалықты гүлдене

1-бет.



түскеніне оң баға берген облыс әкімі бұл жұмыс та шешімін табатынын айтты.

Мұнан кейін сапар Акқұм, Макпалкөл және Жанаталап ауылдарында жалғасты. Акқұм ауылына спорт кешені қажеттігін айтқан ауыл ақсақалдары жакын орналасқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автотолында мал шығыны көп болатынын да жасырмады. Облыс әкімі бұл республикалық маңыздағы күрескер болып есептелетіндіктен, ұсыныстарды тиісті атқарушы органдар қарайтынын, ал спорт кешенін салу бойынша жұмыс жасалатынын атап өтті. Сондай-ақ, бұл мәселені мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында да шешуге болатынын айтып, жауапты тұлғаларға тапсырды. Ал, тұрғындар Макпалкөл ауылында электр жарығы желілері мен бағандары ескіргенін, мектеп те жөндеуді қажет ететінін, Жанаталап ауылдық округінде 1960 жылдары салынған клуб үйінің әбден тозығы жеткенін айтып, жаңасын салу туралы ұсыныс білдірді. Халқының саны мыңға жетпейтіндіктен бұл ауыл мен көрші ауылға учаскелік полиция бір. Ақсақалдар «өзіміздің учаскелік полициямыз бөлек болса, штат бөліссе, көлікпен қамтамасыз етілсе» дейді. Облыс әкімі клуб салу жұмысы МЖӨ не мемлекеттік бюджет есебінен шешілетінін,

сондықтан аудан әкіміне бұл мәселені бақылауға алуды тапсырды. Ал, облыстық полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Шамшадин Егембердіұлы екінші мәселе заң аясында шешілетінін айтты. – Учаскелік полиция бекітілу үшін ІІМ бұйрығына сәйкес халық саны 1800-ден асу керек. Дегенмен, өтініштеріңіз қаралады, – деді ол.

Сонғы жылдары Акқыр ауылында үп еткен желге де жалп етіп сөне қалатын жарықтың жайы жақсарып, электр желілері, бағаналары ауыстырылған. Ауызсу да барлық үйге жетіп тұр. Кездесуде ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалдыбек Шорабек мектептің күрделі жөндеуден өткізілмегеніне 30 жылдай уақыт болғанын жеткізді. Сондай-ақ, шекараға жақын бұл ауылда учаскелік полиция көлігінің ескілігі де тұрғындарды алаңдатады. Тиісті сала мамандары ұсыныстарға жауап беріп, шешімі қарастырылатын болды.

Түс ауа сапар Мәдениет, Мырзабай ахун, Тан, Бұқарбай батыр, Қаракеткен, М.Шәменов, Ақсу ауылдық округтерінде жалғасып, облыс әкімі тұрғындардың барлық мәселелерін тыңдады.

Тіректі елді мекен саналатын Мәдениетте ауыл ақсақалдары білім, денсаулық, спорт саласы бойынша

көрсеткіштер жақсы екенін, тек бір көше асфальтталмай қалғанын айтты. Ал, Мырзабай ахун ауылында Мәдениет үйі жоқ болса, медициналық бекет көне ғимаратта орналасқан. Сондай-ақ жол мәселесі де бар. Кездесу барысында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Абдусаметов былығы жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілетінін айтып ауыл азаматтарын қуантып қойды.

Биыл облыстық «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпазы атанған Таң ауылдық округінде де ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс атқарылған. Бұған ауылға кіре бергеннен-ақ көз жеткізесіз. Ақсақалдар мұнда «Тан» ЛТД ЖШС иесі Имамзада Шағыртаев сынды ел дегенде елгезек, жұрт дегенде жұмыла қызмет ететін кәсіпкердің үлкен еңбегі бар екенін айтты. Тек бір мәселе, ауылдағы емханаға дәрігер қажет. Бұл орайда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы дәрігерлік қызметке ауыл перзенттерін шақыру туралы ұсыныс білдірді.

– Дәрігер мәселесі облыста өзекті. Өткен жылдың басында аймақ бойынша 205 дәрігер жетіспеді. Былтыр өңірге 95 дәрігер келсе, соның 48-ін елді мекендерге

жібердік. Бірақ осы ауылға келуге ниет танытқандары болмады. Бұл бағыттағы жұмыс жылда жүргізіледі. Биыл да республиканың барлық ЖОО мамандарымен келіссөз жүргіземіз. Егер осы елдің азаматтары басқа өңірде жүрсе, осы жылы оқу орнын тамамдайтын болса, шақырыңыздар. Оларға үй алу үшін несие беріледі. Оның үстіне былтыр облыс әкімдігі, мәслихат қолдап, аса қажетті мамандарға 1 200 000 теңге көлемінде қосымша қаржы бөлуге шешім шығарды. Мұндай көмекті ауылға келген маманға көрсетуге дайынбыз. Ал, дәрігерлік амбулатория мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салынбақ. Облыстық бюджеттен қаржысы қарастырылған, биыл қыркүйек айына дейін құрылыс жұмыстары аяқталады, – деді Ж.Абдусаметов.

Мұнан кейін сапар Бұқарбай батыр ауылында жалғасты. Бір қызығы, елді мекеннің тұрмыс-тіршілігіне көңілі толып, жетістіктеріне саралаған батыр ауылының тұрғындары бірде-бір мәселе көтермеді. Ал, Қаракеткен ауылында клуб үйінің ескіргені, учаскелік полиция көлігінің жоқтығы турасында ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ электр бағаналары да жөндеуді қажет етеді. Сала мамандары бұл бағыттағы тиісті жұмыстарды саралап өтті. Клуб үйін күрделі

жөндеуден өткізу, аяқсу сынды мәселелер М.Шәменов ауылында да бар.

Жалағаш ауданындағы сапар Ақсу ауылында қорытындыланып, мұнда да тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Әсіресе, жас кәсіпкер Толғанай Жұмабекқызының мал шаруашылығына қатысты батыл бастамасы елді елен еткізді.

– Былтыр ауыл әкімінің ұсынысымен қаладан ауылға келіп, кәсіп бастауға бел будым. Қазір 1000 басқа арналған мал бордақылау алаңы мен жылыжай кешені салынды. Жылыжай кешенінің құрылысы үшін өңірлік инвестиция орталығынан 10 млн теңге көлемінде несие алдым. Бүгінде кәсібіміздің игілігін көрудеміз, тамыз айы мен желтоқсан айы аралығында өнімді егіп, толықтай жинап алдық. Сондай-ақ, тағы несие алып, 75 бас аналық мүйізді ірі қара сатып алдым. Қазір шаруашылықта 2 жылыжай жұмыс істеп тұр, көкпар мен бәйге қатысатын 3 жылқы бар. Үш адамды жұмыспен қамтып отырмын. Сондай-ақ, былтыр «Байқоңыр»-инвест форумында аудан әкімімен бірлесіп, мал бордақылау алаңын және ет өңдеу цехын салу үшін өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойған болатынбыз. Былығы жаңалық, ауыл шетінен 10 гектар жер алып кіріпші зауыттың жұмысын бастағамыз келеді, – деді ол.

Еті тірі, ебі мол жас кәсіпкердің бұл бастамасына облыс әкімі ризашылығын білдірді. Айта кету керек, сондай-ақ бұл ауылда электр желілерін жөндеу туралы ұсыныс айтылды. Сала басшыларының айтуынша, аудан бойынша желілерді жөндеу кезең-кезеңімен іске асып келеді.

Сапар соңында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов барлық ауыл бойынша мәселелер жинақталып, талқыланатынын айтты.

Кәсіпкерлікке бейімделу – бүгінгі заман талабы. Ауыл тұрғындары бұл бағыттағы мол мүмкіндікті пайдаланып, басқаларда да жұмыспен қамтуы қажет. Елді мекенде ауыл шаруашылығымен айналысып, кәсіп бастаудың игілігі көп. Облыс бойынша ауылдарды аралап болған соң, жұмыс барысы хаттамаға түсіріліп, барлық мәселе кезең-кезеңімен мүмкіндігіне қарай шешілетін болады, – деді аймақ басшысы.

Күш – бірлікте, табыс – тірлікте

Жоғарыда айтылған ауыл тұрғындары көтерген басты мәселелер – жаңадан дәрігерлік амбулатория салу, ауылшілік жолдарды жөндеу мен жарықтандыру, ескі су каналдарын тазарту.

– Мектебіміз бар, жаңа ем-ханамыз бар, мәдениет үйі де тұрғызылды. Мұның бәрі – халық ауызбіршілігінің арқасы. Ел басқарған азаматтарға алғысымыз шексіз. Бізден бір ғана тілек бар. Осында отырған жұрт егін егіп, мал бағады. Ауыл маңындағы «Ақтам» каналы сәуір айына дейін қайта тазаланса, осындағы жұрттың еңбек етіп, бақша салуына көп мүмкіндік туар еді, – дейді інқардарлық ақсақал Әбілжаппар Сырлыбаев.

Ал тиісті мамандар аудан қаржысы шешілсе, бір ай көлемінде су жүйесін қайта тазалауға болатынын айтады. Аймақ басшысы айтылған

1-бет.



ұсыныстың дер кезінде атқарылуына тапсырма беріп, қалған мәселелер бюджеттік жоспарға сай шешілетінін айтты.

– Мемлекет басшысының талабы – біріншіден, халықтың ауызбіршілігі, елдің ын-тымағы, әл-ауқатының артуы. Екіншіден, бүгінгі

қала мен ауыл арасындағы көп айырмашылықтың арасын қысқарту, яғни қалада бар мәдени нысандар мен әлеуметтік жұмыспен қам-

титын орталықтар ауылда да болуы керек. Сонымен қатар, кәсіпкерлер санын арттырып, жұртты жұмыспен қамтуды үйлестіруді әлі де

күшейту маңызды. Осы сапар басталғалы 60-қа жуық елді мекенді араладық. Барған ауылдарға мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жайында айтып келеміз. Бағдарлама негізінде әлеуметтік нысандарды, ғимараттарды жаңадан тұрғызуға көп мүмкіндік бар. Үкімет ұсынған барлық бағдарламаларды тиімді пайдалана білсек, одан ұтылмасамыз анық, – деді аймақ басшысы тұрғындармен кездесуінде.

Облыс әкімі осылай ауыл жұртшылығымен пікірлесіп, ел ішіндегі маңызды мәселені жалықпай тыңдады. Халық айтқан өтініш-тілектің барлығы алдағы уақытта қаралатынын, ең алдымен, айтылған мәселелер аудан активімен бірге талқыланып, қорытынды шешім шығатынын ескертті.

Суреттерді түсірген
Б.ЕСЖАНОВ.
Қызылорда-Сырдария-Қызылорда.



Әбдіжәлел БӘКІР, саяси ғылымдар докторы, профессор:

«АЙМАҚТАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚУАНАМЫН»

Қай қызметте де ел мүддесін биік қойып, адамгершілік ұстанымнан айнымаған Әбдіжәлел Бәкірдің есімі халыққа жақсы таныс. Кеңес үкіметінің тұсында да, ел тәуелсіздік алғаннан кейін де Сыр перзенті саяси, әлеуметтік мәселелердің шешім табуына ықпал етті. Саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір 80 жаста.

Осы орайда, қайраткермен сұхбаттасып, ғибратты ғұмыры мен кәсіргі кезең мәселелері туралы әңгімелестік.

— Әбдіжәлел аға, өмірбаяндағы жолдарды оқығанның өзінен-ақ болмысыңыз, елге қызмет етудегі үлкен жауапкершілігіңіз айқын аңғарылады. Әңгімемізді балалық шағыңыздан бастайықшы...

— Мен соғыстың алдында дүние есігін ашыппын. Бұл 1939 жылдың 23 желтоқсаны екен. Сол күні КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы болып, атымды Сайлау деп қою туралы да ұсыныстар болған көрінеді. Бірақ жеміс-жемге келгенде көрші әрі туысқан Тәжібай атты молда атамды «Әбдіжәлел» деген атты құлағыма азан шақырып қойыпты. Көп ұзамай жай «Жәлел» аталып кетіппін.

Менің туған анам Бибіпатама Рахменбердіқызы әкеден жастай айырылған. Нағашы атам Айдарлыда мешіт ұстаған. Соғыс алдындағы саяси қуғын-сүргін кезінде мешітін, туған ауылын тастап, екі қызы мен әжем Бибісараны ертіп белсенділерден бой тасалап, Мақтаралға көшеді. Ол кезеңді Мұстафа Шоқай «Атамекең жағдайы» атты мақаласында былай суреттеген болатын: «Түркістанда жүргізіліп жатқан ашық террор, Кеңес өкіметінің қарапайым халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы, азапқа салуы, аштыққа душар етуі мен жүздеген-мыңдаған жазықсыз жандардың атып өлтірілуі. Ең сорақысы — партиядан шығарылғандардың, қамауға алынғандардың, жер аударылғандар және өлім жазасына кесілгендердің бар киімі — олардың баяғыда өліп қалған атасының бай, саудагер, ғұлама, яғни кезінде іс басында болғандары немесе айыпталушының көне медреседе оқығандығы» еді. Ал менің атам мешіт ұстаған, балаларға дәріс берген.

Елін, жерін танымайтын жана қонысқа барғанның не жақсылығы бола қойсын, бақылаушыдан таса демесе, баламалап айтқанда олар да битін сығып отырғандар ғой. Қоныс аударушылар қиыншылықтарға тап болып, атам мен інісі қаза табады да, елге «қыздар жетім қалды» деген хабар жетіп, Рахманқұл атам барып, келіні мен екі қызын елге жеткізеді. Жаз әрі ажарлы Бибісараны алғысы келгендер туыстардан көп болған сияқты. Туған інісінің әйелі болғаннан соң Рахманқұл атам келінін үйлене алмайды. Содан әжем Айдарлыдағы көзейдің үш атасының бір тармағы, Доске ұрпағынан Сопбек баласы, әйелі қайтыс болған Ахметке тұрмысқа шығады.

Осы отбасында бойжеткен екі қыздың үлкені Бибіпатамаға менің болашақ әкем Қошқар үйленеді. Анамның төлқұжатына қарасақ, мені он алты жас шамасында босанған. Көшіп-қонып жүргенде құжат дер кезінде алынбаған да болуы мүмкін. Артымадан Тынысбек дүниеге келген соң, екіге қараған мені анамның екінші әкесі Ахметтің туған інісі Бәкірге береді. Меніңше, бірінің қайынағасы, екіншісінің ағасы он-шақты жыл баласыз болғаннан кейін әке-шешем осындай қадамға барған сияқты. Содан маған төлқұжат алған кезде туған жылымы 1940 жыл деген де, айы қойылмай кеткен. Ал төлқұжат алғанда 1940 жылдың бірінші мамыры, бірде қаңтары болып жазылып жүрді. Осы құжатты ауыстырарда маған да ес кірді. Елу



Суретті түзірген Азамат Қуайынов.

бес жыл «Бакиров Жәлел Бакирович» болып жүрдім. Енді шындыққа қарай жақындайын, менің туған әкемнің не жазығы бар деп ойладым. Содан Сырдария ауданының архивінен сонау туғанда алынған төлқұжаттың латынша жазылған көшірмесі қолыма түсті. Онда «Оразов Әбдіжәлел Қошқарұлы және 1940 жылы 23-ші қаңтарда туған» деп жазылған екен. Осының көшірмесін алдым да республика ішкі істер министрлігіне хат жаздым. Тарихымды толық баяндадым. Тегіме байланысты мынадай шешім жасадым. Ораз атам баласына 55 жылдан кейін қайтып келдім ғой ренжімес, Бәкенің 55 жыл атын алып жүрдім енді ол кісіні мүлде атымай, аруақты қорламайын, ол тегім болып, тек Бәкір болып жазылсын деп арыздандым. Өз атымды қайтарып, Қошқарұлы деп жазуды өтіндім.

Екі әкем де соғысқа кетіп оралмады. Мен Бәкір әкемнің туған ағасы Сопбектің Ахметінің қолында, тәрбиесінде болдым. Ол кісінің маған деген көңілі ерекше еді. Ахмет атамнан өз шамама қарай біраз нәрсе алдым. Ол кісі ескіше оқыған болатын. «Шаннама», «Рүстем-Дастан», Аскар Тоқтағамбетовтің алғашқы шығармаларымен, Мұстафа Шоқай туралы да сол кісіден естідім.

Он үш жасымнан кейін өзімді асырап алған Бәкірдің әйелі Назарымның тәрбиесінде болдым. Ол кісі мен үшін ештенеден аянған жоқ. 1978 жылы дүние салғанша бар өмірім мен үшін, менің балаларым үшін сарп етті. Туған анам Патымамен 1958 жылдан бастап бірге тұрдық.

— Биыл сексен деген асудасыз. Айтқыңызшы, егер мүмкіндік болса, қай жылдарға қайта оралуды қалар едіңіз?

— Өз өміріме негізінен ризамын. Институтты бітіргеннен кейін бір жарым жылдай ғана мұғалім болып істедім. Содан тоғыз жыл комсомол, он жеті жарым жыл облыстық партия комитетінде қызмет еттім. Әкем мен ағайым болмады, айтарлықтай қабілетті де емеспін, бірақ еңбекқорлығымды байқаған алдымдағы басшы кісілерден көп жақсылық көрдім. Комсомолда Абылай Айдосов, Болат Қарғабаев, Салдықбек Хангелдин, партияда Абдулла Дәулетов, Дәуірхан Айдаров сынды абзал жандардың жақсылықтарын ұмыта алмаймын.

Өріне, ғылымға кештеу келгенім көңілде тұрады. Мен кандидаттық диссертацияны қырық үш жасымда, докторлық жұмысты алпыс алтымда қорғадым. Алайда қызметтер де із-түзсіз кеткен жоқ. Мұның ғылыми жұмысымда да өзіндік орны болды.

— Алашынды әдебиет факультетінде білім алып, кейінірек филология ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болдыңыз. Саяси тұрғыдағы ұстанымыңыз, ойларыңыз қоғамға игілік екелді, дйттеген нысанасына жетті. Ал, Алаш қозғалысын жүйелі зерттеуге не түрткі болды?

— Біздің тарихымыз қайта-қайта үзілген. Өмірде үзілген жіптің жалаулары түйін-түйін болады. Сол сияқты біздің тарихымыз да түйін-түйін. Бұл кейінгі дамуымызға да көптеген қиындықтар туындатты. Алдымен Ресей империясы отарлап, Ұлы даланы толық иемденіп, тіліміз, дініміз, сонымен байланысты ділімізге шабуыл жасады. Ондағы мақсат өздерінен де терең тарихы бар халықты жаппай орыстандыру болатын. Патшалық Ресейдің саяси жағласындай болған кеңестік замандар біздің түп-тамырымыздан айыру үшін аянбады. Тіпті 1938 және 1978 жылдарғы еліміздің Конституцияларының бірде-бірінде ана тіліміз туралы ешқандай бап болған жоқ.

Менің Алаш тақырыбына келуім өзімдік себебі бар. 2007 жылы болу керек Алматыдан жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Оразбек Сәрсенбаев телефон шалып, Мұстафа Шоқайдың үш томдығы дайындалып жатқанын, соған алғысөз жазып берімізді өтінді. Мен бірден бас тартып, «Ореке, мен ондай ұлылардың кітабына алғысөз жазатындай ғалым емеспін ғой» дедім. Бірақ Орекен Жәңгірбаевтың оқып жүргенін айтты. Несін жасайрамын, мұның үстіне өзім де жазайық десе болар ма? Мұнда негіз бар еді. Өскен әулетіме Мұстафа Шоқайдың қатысы бар болатын. Мен тәрбиесінде болған Ахмет атам Мұстафаның өзінің атасы Мәмбетәлінің (Баспақ батырдың) қарындасынан туған деп отыратын. Кейін Мұстафаның туған інісі Нұр-тазаның (өзі 1937 жылы ағасы үшін аттылып кеткен) баласы Мадиярмен Қызылорда қаласында, кәзіргі Жаркынбаев көшесінде көрші болдық. Сол кісінің анасынан да азын-аулақ әңгіме естігенмін.

— Биыл Мұстафа Шоқайдың туғанына — 130 жыл. Ұлт болашағы үшін аяныбаған, қазақ халқы ғана емес, түркі халықтарының бірлігін аңсаған Мұстафа Шоқайды толық тани алдық па?

— Мұстафа Шоқай Отанына басқа Алаш қозғалысының жетекшілеріне қарағанда кеш келді. Шығармаларының алғашқы томы шыққанына он жылдан асты енді. Қазақ оқырманы көбіне «Иш Түркістан» журналында жарық көрген Мұстафа Шоқайдың екі жүзден астам еңбегімен таныс. Орыс және француз тілдеріндегі жүзден астам шығармасы әлі қазақ тіліне аударылған жоқ. Өз шығармалары тоғыз тілде жарық көрсе, қазір Мұстафаның қызметі мен мұрасы туралы сегіз тілде жазылған мың жарымдай еңбек бар. Алайда біз Мұстафа тауының етегінде жүрміз.

— Ел арасында Мұстафа Шоқайға қатысты, оның шетелде эмиграцияға кетуі, Алаш арыстарымен қарым-қатынасы турасында әртүрлі пікір бар. Бұл туралы не айтасыз?

— Ең бірінші, Алаш қозғалысы мен өзінің он қанаты — Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының арасында

стратегиялық принципті қайшылық болған емес. Тактикалық жайлар болды. Мұстафаның Алаш арыстарымен қарым-қатынасында әртүрлі пікір бар деп жүргендердің ойы әсте Әлихан бастаған топқа еш қатысы жоқ. Тіпті Мұстафа — шетелде жүріп Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлын шырылдап қорғаған жан. Шынына келгенде, Мұстафа Әлиханды ұстаз санаған. Кейін «Өздерің Ташкентте оқып жүргенде Әлиханның «орыс қоныстанушыларының мәселесін зерттеңдер, сонда сендер кейін біздің елімізге қауіп қайдан келерін білерсіңдер» дегенін еске алуы тегіннен-тегін емес.

— Сіздің жетекшілігіңізбен «Сыр сандақтары» атты үлкен концерт-кездесу ұйымдастырылып, ол Ұлттық арнаның «Алтын қорына» қабылданыпты. Концерттің қандай ерекшелігі болды?

— Өткен ғасырдың 80-жылдары Кеңес Одағы ылдырауға тікелей бет алды. Өріне, сыртқы себептер де болды. Алайда Кеңес көсемдері тиісті реформа жасай алмады, оған саяси һәм рухани күйштері жетпеді. Қайта құрамды деп қайта қиратты. Мен он жеті жылдан астам уақыт жұмыс істеген партия орғанынан басқа қызмет іздей бастадым. Осылайша жаңадан ашылған Қызылорда телекомпаниясына жұмысқа орналастым.

Шынымды айтқанда, журналист емеспін. Мен мұнда көбіне ұйымдастырушылық жұмысқа ден қоямын деп ойладым. Солай болды да. Келісімен «компаниямызды айқындайтын не нәрсе болуы керек» деген мәселе төңірегінде ұжым мүшелерімен ақылдастым. Күнделікті ақпараттарды бұрын ашылған телекомпаниялар сияқты бере береміз дедік. Халық арасында «Сыр елі — жыр елі» деген ұғым көптеп бар. Сондықтан телекомпаниямызды өзгеден ерекшелеп тұратын халықтың өнерін, өнерді көтерген азаматтарды насихаттау деп таттық. Осы бағыттағы ізденістерден «Жас қанат», «Әнші балапан», «Таңшолпан» байқаулары туындады. Облыстағы ақын-жазушылар, әуесқой композиторлар, әнші-термеші сынды өнер иелерін тікелей насихаттауға кірістік. Бірде Алматыға арнайы адам жіберіп, Роза Бағланова апамыз бастаған әнші, ақын, композиторларды ауыла-шақырдық.

Олардың жол қаржаттарын, өзге шығындарын өз мойнымызға алдық. Тіпті үздіктеріне қаламасы деп ақша төледік. Үлкен халымызға екі күндік концерт ұйымдастырдық, оны республикадан екі сағаттық хабар етіп бердік. Айтпа кетейін, мұндай телехабарларымызды Алматыдан да беріп тұрдық. Өріне, бұл туралы әртүрлі сөздер болды. «Облыстық мәдениет басқармасының жұмысын атқарып жатыр» деушілер де табылды. Жұмысымызды көре алмағандар да болды. Мысалы, Роза апамыз басқарып келген өнер адамдарының екі күндік концертіне облыстық әкімшіліктен келуге тиістілерден бірде-бір адам бас сұқпады. Роза апам ұшаққа мінерде, сол кездегі облыс әкімі Сейітбек Шаухамановқа «мұндай жұмысты республикалық теледидар да ұйымдастыра алмайды, Жәселдің қолын алып» деді. Мұны мақтаншы үшін емес, болған жайды баяндау үшін айтып отырмын. Бұл түсірілімдердің барлығы алтын қорда бар. Өріне, ол кездегі техникалық қуатты бұл кезбен салыстыруға келмейді. Дегенмен, оның барлығы — тарих.

Компанияға жаңадан біраз кадрлар келді. Кейбіреулері бірінен екінші үйге көшіп жүрді. Ол кезде пәтер мәселесі қиындау болатын. Мен ұжымдағы кейбір қарсылыққа қарамай, бұрынғы ақылы хабарларға беретін бес проценттік мөлшерді жиырма процентке көтердім. Осының есебінен ақылы хабарлар дайындаған тілші-қызметкерлердің табысы молайды. Ұжымда арнайы ереже жасап, несие беретін болдық.

Арада екі жыл өткенде телекомпаниямыздың арнайы тұсауқесерін өткізіп, көрші Шымкент, Жамбыл, Жезқазған, Ақтөбе, т.б. облыстардан әріптестерімді шақырдым. Алматыдан Шераған — Шерхан Мұртаза біраз техникалық бұйым алып келді. Осы оқиғамең байланысты қаланың береміз деп жүрген екі пәтерін сұрап алдым. Теміржол басшылығынан екі бөлмелі бір пәтерді сыйға алдым. Не керек, осындай жолдармен үш-төрт жылда 23 адамды үйлі еттік.

— Латын әліпбиіне көшудің тиімділігі турасында қандай ой айтасыз?

— Мен латын әліпбиіне көшуді қолдаймын. Осы латын әліпбиі әңгіме бола бастаған кезде қажеттігін айтқанмын. Көрші елдеріміз енгізді. Рас, біраз кемшілігі де бар.

Біз жалпы кеш қозғалатын қоғамда өмір сүріп отырмыз. Енді тәуелсіздік жылдары ана тіліміз көрмегенді көргеннен кейін латын әліпбиін қолға алдық. Ең бірінші ана тілімізге деген көзқарасты жөндеп алуымыз керек еді.

Латын әліпбиін ендіру бағытындағы жұмысымыз нәтижелі болуы үшін халқымыздың бетін мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тіліне шұғыл бұруымыз қажет. Өзгерістің өзі қолда мемлекеттік тілдің қолданыс аясының елеулі кеңеюіне жол ашды. Осы қадамға бара алмасак, латын әліпбиі мәселесі ойлағанымыздай нәтиже бере алмайды. Оныс қазірдің өзінде сан түрлі тілдік топқа бөлініп отырған қазағымызды тағы да латын әліпбиі, кириллицалы деп бөлуге көпеміз. Құдай оның бетін аулақ етсін!

— ҚР Парламентіндегі қызметіңізде астанада жалғыз ғана қазақ мектебі бар екенін мәселе етіп көтеріп, қазақ мектептерінің ашылуына себепкер болдыңыз. Жалпы, өмірлік ұстанымыңыз қандай?

— Мен әкесіз өскен адаммын. Адам қоғамға тек өзі үшін келген болса, адам қатарына жатқызғым келмейді. Қазақтың бұл бағытта қатты сөзі бар. Оны қайталамай-ақ қояйын. Сол себепті манайымдағы байқаған кемшін жайларға қалай болса, солай қарай алмаймын. Несін жасайрамын, тіпті бөпелі бола алмай жүрген болашақ аналарға да бейжай емеспін. Ықыласы болса, өзім білетін маман дәрігерлерді ұсынамын. Осылай бірнеше ата-ананы қуанттым.

Меніңше, адамға жақсылық жасау адам баласына Алланың берген бірінші тапсырмасы деп түсінемін. Абайдың «адам — адамға дос, бауыр» дегені де осыдан туған болар.

— Біраз уақыт бұрын қызмет бабымен елордаға қоныс аудардыңыз. Бірақ мұнан кейін де ел жағдайын ескеріп, бір жылдары туған ауылыңыз Айдарлыға сүз жеткізуге ықпал етіңіз. Елге белгілі тұлғалардың аты ұмытылмас үшін есімдерің орта мектептерге берілуіне үлес қосыпсыз. Қазір туған жерге жиі келіп тұратын боларсыз. Сыр еліңдегі соңғы өзгерістер туралы қандай ойласыз?

— Соңғы кездері облыста болып жатқан оң өзгерістерге тек қуанамын. Елге жиі келетін себебіміздің бір арқауы осында жатыр. Мен Сыр бойындағы мәселелерді Мәскеудің, Алматының алдына нақты қойып шешіп, ерен еңбек еткен бірінші хатшыларды білемін. Өзім өнегесін көрген, қажырлы қызмет еткен, тікелей басшыларым болған абзал азаматтар да жадымда. Олар туралы мақалалар да жаздым. Реті келсе, еске түсіріп, айтып та жүрмін.

Ал өзім қызметіме куә болған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы мақалалар жаздым. Сол кезден кейін Сыр бойына, өз еліне айтарлықтай қызмет еткен Қырымбек Көшербаевтың еңбегін айтпай болмайды. Аймақтың жана басшысының алғашқы қадамдарына сүйсінемін. Лайым, азаматтар аман болып, еліне қызмет ете берсін!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

Хабарландыру

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Ермекқарева Раушан Азизхановна 2019 жылдың 9 маусымында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, М.Қаратаев көшесі №33 үйде тұрған азамат Таимбетов Балтабай Түленбаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі №62 Б, 3-4 пәтер, тел.: 8(7242) 27-44-73.

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-18-02) «Оңтүстік-Шығыс Дошан кенішіндегі №105 ұңғыманы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттамамен мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-92-11.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмқұл Ресориз» АҚ (20-21-03) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі №1 ННВ, 12, 30 ұңғымаларға кірме автожолдар» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды пошта-сы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмқұл Ресориз» АҚ (20-23-03) «Қарабұлақ кенішіндегі №34, 45, 57, 66 ұңғымаларға кірме автожолдар» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды пошта-сы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмқұл Ресориз» АҚ (20-08-03) «Қызылқия кенішіндегі №159, 160, 361 ұңғымаларға кірме автожолдар» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды пошта-сы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Сегіз жарым мыңдай адам кәсіподақ қатарына қосылды

Қызылордада кәсіподақ қатарына 8,5 мыңдай адам қосылып, мүшелерінің саны 99 мыңға жуықтады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағамбетов бұл бір жылда атқарылған қыруар жұмыстың нәтижесі екенін айтты.

Назерке САНИЯЗОВА.

— Алдын ала статистикалық мәліметке сәйкес, өңірдегі 348,1 мың

жұмыс күшінің 331,4 мыңы еңбекпен қамтылған. Халық санына шаққанда соның 29,8 проценті ғана кәсіподаққа мүше. Бізге әлі 232 мыңнан астам адамды қатарға тарту керек, — деді ол.

Кәсіподақ ұйымы бар мекемелердің 83 проценті мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Өткен жылы осындай 848 мекемеде ұжымдық шарттың толықтырылып, өзгеруіне байланысты жалақы өсті. Бүгінгі күні тағы 23 кәсіпорында еңбеккерлер көтеру бастамасы мақұлданып отыр.

— Өңірдегі 6 мыңнан астам мекеме мен кәсіпорында ұжымдық шарт тіркелсе, біз соның 17 процентінің ғана орындалуын бақылай аламыз. Өйтсе де,

соңғы уақытта жұмысшылар тарапынан кәсіподақ құруға, ұжымдық шарт жасауға сұраныс артып келеді, — деді бірлестік төрағасы.

Іргелі ұйымның ұсынысы қолдау тапса, ұжымдық шарттың болуы алдағы уақытта аудандар мен облыс орталығы әкімдерінің рейтингіне тікелей әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, Еңбек кодексіне өндірістік кенес құру міндеттілігін көздейтін норма енгізу ұсынылып отыр. Өйткені өндірісте жазатайым оқиғаға ұшырайтындар аз емес. Былтырдың өзінде қурылыс басында — 7, энергетика саласында — 1, ауыл шаруашылығы мекемесінде — 1, басқа да бюджеттік мекемелерде 4 адам көз жұмған.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жөніндегі» орналасқан бұйым және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жай: kyz_oblmastikhat@mail.ru

Облыстық мәслихат лауазым иелерінің азаматтарды қабылдау кестесі

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазым иелерінің тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Бай
--	--	--------------------------------------	--------------------------------------	-----

Шоққа піскен нан қандай!

Танымал жазушы Чак Паланик «Адамдар ауылдан қалаға көшуге асығады. Бірақ, туған өлкеге деген сағыныш оның ешбірін айналып өткен емес» деген. Расында, өсіп-өнген қарашаңырақ, балалық шақтың бал дәурені өткен ауылын, білім үясы, асыр салып ойынаған достарын, осының барлығы туған топыраққа деген ықыласты күшейтеді. Ұядан қияға ұшып, ат жалын тартып азамат болып кетсең де, перзенттік сезім жүректі елжіретіп, жансарайды жылылыққа бөлері анық. Марина Фраймен әлеуметтік желі арқылы тілдесу бізді біраз ойға жетеледі.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Марина Обендерфердің тарихи отаны – Германияға көшкеніне 20 жыл уақыт болды. Қазір ол отбасымен Германияның Оснабрюк қаласында тұрады. Жайлы жұмысы, құтты қонысы бар, жақындары жанында. Алайда, оның туған өлке – Шиелге деген сағынышы әлі басылған емес.

– Ата-анам қасиетті өлкенің қысылтаяң кездері пана,

ыстықта сая болғанын үнемі айтатын. 1937 жылы әкем анасы және бауырларымен бірге Украинадан Қазақ еліне келген. Ол кезде 7 жаста болған екен. Көп ұзамай анасы наукастанып, қайтыс болады. Осылайша, «Жанатұрмыстағы» бір отбасы бауырына басқан. Анамда да осы жағдай. Олар қазақ халқының кенпейілділігін, жомарттығы мен қонақжайлығын бізге



үлгі етіп өсірді. Отбасымызда 10 баламыз. №207 мектепті тәрмамдалдық, әрбіріміз өмірдегі өз орнымызды таптық. 1994 жылы Шиелге қоныс аударып,

2000 жылдары Германияға көштік. Сол кездегі қимастықты еске алсам, көзіме еріксіз жас үйіріледі. Бірақ, Шиелде әпкелерім қалды, соларға қонақтап барып тұрамын. Бұл өлкеден бізге ағайынның кіршіксіз көңілі, дәм-тұз бұйырды. Ыстық естеліктердің барлығы Шиелмен байланысты, – дейді Марина.

Кейіпкеріміз әңгіме барысында ауылдағы ыстық табаннанн иісін, құнарлы күрт пен сөгін ерекше сағынғанын айтты. Өзі де әр жұмада бауырсақ қуырып, ет асып, отбасымен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін де тойлайды екен. Қазақшаға судай.

– Қызылорда десе, бүйіріміз бұрып тұрады. Соңғы рет 2006 жылы бардым. Бұйыртса, анам екеуміз туған елге әлі талай барамыз, – дейді Марина.

Жұмыспен қамту жаңа ғимаратта

Қалалық «Жұмыспен қамту орталығы» өз жұмысын жаңа ғимаратта бастады. Орталық бұған дейін «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, азаматтық хал актілерін тіркеу» бөлімімен бірге бір ғимаратта орналасқан болатын. Бұл мекемелер арқылы қызмет алушылардың саны бірнеше есеге ұлғайып, қызмет көрсету барысында ғимараттың тарлығы айтарлықтай жайсыздық тудырды. Себебі қалада 2019 жылдың қорытындысымен атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 5 есеге өскен.

Қазіргі таңда, жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекке (АӨК) құжат қабылдау жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Осы мақсатта, көпбалалы аналардың сұранысын қанағаттандыру, келушілерге жайлы жағдай жасау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру мақсатында қала әкімінің тапсырмасымен Жұмыспен қамту орталығы жалпы аумағы 750 шаршы метрді құрайтын жаңа ғимаратқа көшірілді.

Қала орталығындағы бұл ғимарат, Сүлейменов көшесі №70 мекен-жайында орналасқан. «Бақытты отбасы» атауымен «Орен Срасе» форматында өз жұмысын бастаған орталықта қызмет алушыларға



барлық ыңғайлы жағдайлар жасалған. 150 адамға арналған күту залы, балалар ойын бұрышы қарастырылған.

Орталықта жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту, аз қамтылған отбасыларға кәсіпкерлік бастамалар мен кәсіптік бағдар беру, мемлекеттік бағдарламалар аясында гранттық қаржылар қарастыру,

қайта даярлау курстарын ұйымдастыру секілді қала халқы үшін қажетті және маңызды жұмыстар жүзеге асырылады. Алдағы уақытта, орталықтың ішінде заңгерлер, психолог мамандар кеңес беретін арнайы бөлмелер, аналар бөлмесін қарастыру жоспарлануда.

«СБ» ақпарат.

«Birgemiz» еріктілер корпусы

Қызылордада еріктілер штабы құрылды. Аталған штаб ешқандай қаржысыз облыс көлемінде жыл бойы 7 бағыт бойынша еріктілік қызметтерін атқарады. Еріктілерді тіркеу штабта жүргізіледі.

Көпшіліктің қолдауымен облыстағы еріктілер штабының жетекшісі болып Ольга Чебакова сайланды.

Штабқа тіркелгендер оқыту курстарынан, арнайы сабақтардан өтеді.

Облыстық еріктілер штабының бір ерекшелігі, мүмкіндігі шектеулі азаматтардан құралған топ жұмыс жасайды. Ал екінші ерекшелік төтенше жағдайға да волонтер дайындау көзделген. Оқуға ниет білдірген жастар қантар, ақпан айларында курсқа жазыла алады.

Қызылордада жастарды

жауапкершілік, мейірімділікке тәрбиелеу, олардың волонтерлік қызметке белсенді қатысуын ынталандыру, Қызылорда қаласының белсенді волонтерлік ұйымдары мен топтарына қолдау білдіруді мақсат еткен «Birgemiz» еріктілер корпусы» арнайы жоба бастау алды.

Қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Сабыржан Кеншіліктің айтуынша, биыл арнайы жобасы Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты барлық елді мекендерді қамтып, 1000 жасқа тікелей және 10 000

Су деңгейі тұрақты бақылауда

– Республикалық ақпарат агенттігінің бірі 9 қаңтарда «Қызылорда» су торабынан өтіп жатқан су мөлшері 704 текше метр құрайтынын хабарлап, нәтижесінде облыс орталығына қауіп төнуі мүмкін екенін алға тартты. Дегенмен, ол деректің ешқандай негізі жоқ екенін мәлімдейміз. Қазір «Көксарай» су реттегіші 14 қаңтардан бастап секундына 200 текше метр су қабылдауда. Ол бұған дейін 100-150 текше метрді құраған болатын. «Шардара» су қоймасынан облыс шекарасына дейін секундына 480 текше метр су келуде. Ал «Қызылорда» су тоспасынан төменгі ағысқа секундына 340 текше метр су өтуде. Айта кетерлігі, қазір Арал, Қазалы аудандары мен Қармақшы ауданының кейбір бөлігінде өзенде мұз ұстасып тұр. Жалағаш, Қармақшы аудандарында сеңнің жүруі 35-40 пайызды құрайды. Дария деңгейі тұрақты түрде бақылауда. Тиісті мекеме мамандары күн сайын кезекшілік ұйымдастырып келеді. Облыста су басу қаупі бар 56 учаске белгіленген. Бұл нысандарда126 мекеме бойынша 1359 адам кезекшілік жасаса, 411 техника дайындалған, – деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов.



«Қазгидромет» мекемесінің облыс бойынша филиалының бас маманы Гүлнар Маманованың айтуынша, қаңтардағы орташа температура мөлшерден 1-2 градусқа жылы болады. Мұның әсерінен дариядағы сең қозғалысы жылдағы мезгілінен ертерек байқалуы мүмкін.

«СБ» ақпарат.

2010 жылы жарық көрген «Қанішер Гержодтың қолжазбасы» атты кітабым 1917-1919 жылдарғы Перовск (Қызылорда) қаласы тарихының осы кезге дейін ашылмай келген кейбір беттеріне біраз шындықтың сәулесін түсірді. Соның нәтижесінде артынша «Қанішер Гержодтың ізімен» атты тағы бір кітабым басыдан шықты. Осы орайда мұнан әрі қарай жалғасқан ізденістерім арқылы көптеген жаңа кейіпкерлердің беті кескінделді.

Гержод заманының кейіпкерлері

Кезінде Гержодтың оң қолы болған, 1938 жылы халық жауы деп атылған Қызылорда облысы Қазалы ауданының тумасы (кейбір дерек бойынша Қарақалпақстанда туған) Сүлеймен Мереев жайлы ізденулерімнің арқасында оның туыстарының бірі Вадим Алданұлы Мереевті Қырым түбегінің Симферополь қаласынан тапқан едім. Қазір де хабарласып тұрамын, орыстанып кеткен, ол жағы түсінікті болар. Айтайын дегенім, сол бір қатыгездік пен әділетсіздік жайлаған кеңестік кезеңнің жараларының ой-санамызда әлі күнге дейін жазылмай келе жатқандығы жайлы.

Вадим Алданұлы – үлкен ғалым, химия ғылымының кандидаты, бірнеше ғылыми кітаптың авторы. Шетте жүргендіктен туыстарынан, қала берді қандастарынан біржола алшақтап кеткен. Мен сұраған деректер жайлы ол көп мәліметтер берді. Бірақ түгел айтпайды, Сүлеймен Мереев жайлы талай рет қиылып сұрады, білмеймін қандай себеп екенін, білетіндерін айтуға қорқалды... Сүлейменнің ұрпақтары әлемнің әр тарабына шығандап кеткен болса керек, олардың кейбірі Ресей, Германия, АҚШ-та тұратын көрінеді. «Осы айтқандарымның өзі жеткілікті, тіпті артық айтып қойдым» дейді Вадим.

Кеңестік заманның өз ұрпақтарына қалдырған үрейін, қорқынышын, жара мен зардаптарының бүгінге дейін жазылмай келе жатқанын осыдан-ақ білуге болар. Жакында Вадиммен мынадай хабар алдым: «Сағат аға, шежіремді таптым: «Кіші жүз – Әлімұлы – Шекті – Өріс – Есеналі – Кішкене – Жиеней – Құттықожа – Төңірберді – Кәлібек – Қойайдар – Төлеміс – Қарсан – Мерей – Оспан – Жүсіп – Алдан. Реально круто, до самого легендарного Алаша, где-то на 400 лет назад! По расказу могу лишь повторить, что мне родственники не простят никогда. С них и вот этого с лихвой хватило».

Вадим әкесі мен атасының қысқаша өмірбаянын да салып жіберіпті. Онда атасы Жүсіп Оспанұлының Қазалы қаласында туғаны, Ташкент су шаруашылығы институтын бітіріп, 1942 жылы Қарақалпақстанның Су шаруашылығы Халық комиссарлары төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген қызмет сатыларын көрсеткен.

Сонымен бірге әкесі Алдан Жүсіпұлының 1923 жылы Қазалы қаласында өмірге келгені, Ұлы Отан соғысына қатысқаны туралы деректерді жазған. Ол кісі Самара мемлекеттік университетін бітіріп, Нөкіс педагогикалық институтында оқыған. «Советтік Қарақалпақстан» газетінде қызмет атқарыпты.

Вадимнен алған осы хат мені ойға түсірді. Жанағы Сүлеймен Мереевтің туысқандары мен ұрпақтарының бойындағы әлі күнге дейін арылмай келе жатқан қорқыныш осы күнге дейін бәріміздің де бойымызда қалған сияқты. Мысалы, Гержодтың айналасында қызмет еткен белгілі сырбойшылық танымал азаматтар аз болған жоқ. Туысқандары мен ағайындары олар жайлы деректерді ашуға осы кезге дейін қорқалды, ал, кейбір кісілердің артында іздеушілері болмай өмірлеректері жабық күйінде қалды. Мәнінше, тарихтың жабық беттеріне сәулелер түсіріп, тиісті деректер мен мәліметтерді жариялағанның еш әбестігі жоқ. Олар жайлы тәптіштеп ізденіс жасауымыздың мақсаты – олардың сол кездегі атқарған іс-қимылдарына ақ немесе қара деп баға беру емес. Бұл кісілердің істерінде сол заманға лайық жарық та, көлеңкелі де тұстар баршылық. Олар – әртүрлі қарама-қайшылыққа толы қиын-қыстау заманда көп азап пен қорлықты бастан кешкен, қатерлі де қауіпті өмір сүрген кісілер. Содан болса керек, большевиктік қуғыннан бір сәт құтылғанда елден бөлек оқшау қоныстанып, тұйық өмір сүруге тырысқан сияқты. Ол жағы түсінікті. Артында ауызша да, жазбаша да дерек қалдырмаған, ұрпақтарына өздерінің большевиктік өмір кезеңдері жайлы айтуға қатаң тыйым салған болса керек. Сондай кісілердің екеуіне тоқтала кетейін.

Бекқожа Бердіқожаев – 1882 жылы туған, орысша сауатты сөйлеген, бірақ, жаза алмаған болса керек, құжаттарға арабша қол қоятын болған. Гержодтың қызметін тексерген Ерекше комиссияның алғашқы төрағасы болған Ю.Ибрагимов 1919 жылғы 31 қазанда Т.Рыскуловқа жазған хатында «...Сондықтан да, Гержод пен оның ең жақын ымыралас сыбайластары» деп С.Мереевті, Б.Бердіқожаевты, М.Тәжбе-новті атап көрсетіпті. Жазбаша сауаты мықты болмаса да Чеканың, ревтрибуналдың мүшелігіне, орынбасарлығы, заседатели сияқты жауапты комиссиялардың құрамында жұмыс атқарған, болыс, учаскелік комиссар болып, Гержодтың арнайы тапсырмаларын орындайтын сенімді қызметкеріне айналған. Інісі Мәжитті болыс етіп қойған. Кеңес заманында большевиктік қызметі жайлы еш жерде айтпаған, жарияламаған.

Мұса Тәжбенев – Гержодтың қасында қызмет еткен кісілердің ішінде нақты деректер табылмай жүргендердің бірі осы кісі. 1895 жылы 4-ауылда туған. Орысша жазу, сөйлеу қабілеті болған. 1915 жылы Перовскінің пошта-телеграф контторының 6-разрядты шенеунігі болып жұмысқа тұрған, Гержод екеуі пошта конторында бірге істеген. Сол себептен болса керек, 1918 жылы Гержод совдептің төрағасы болып сайланған соң Тәжбеневті қасына қосылса алған. Осылайша, И.Гержодтың өте сенімді серігіне айналған. 1937 жылы «үштіктің» қаулысымен 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне ұстаздық етіпті, «Гержодтың ісінен» кейін Қызылордадан тыс жерде болған секілді. Сотталар алдында Арал қаласында тұрған. М.Тәжбенев те Б.Бердіқожаев сияқты артында большевиктік өмірі жайлы сөз, әңгіме қалдырмаған, оқшау өмір сүрген тәрізді. Қашан өмірден өткені белгісіз.

Жоғарыда аталған үш кісінің ұрпақтары мақала авторымен кездесіп, қосымша деректер алуларына болады.

Сағат ЖҮСІП.

 www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫРМЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	 https://twitter.com/syrboyi Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	 www.instagram.com/syrboyikz Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 28718 Тапсырыс №62 Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА.			